

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 9 наурыздағы № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 2 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6151 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 27 наурыздағы № 108 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012.03.27 № 108 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабының 11-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 1071 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі туралы ереженің 13-тармағының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, аттестаттау және аккредиттеу департаменті (Ғ.Р. Әбдірайымов) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және кейін бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. «Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 23 сәуірдегі № 170 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 5206 болып тіркелген, 2008 жылғы 20 маусымдағы № 93 (1493) «Юридическая газета» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының орынбасары Н.П. Тихонюкке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға *С. Нокин*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ ұ р ы л ы с ж әне т ұ р ғ ы н
ұ й - к о м м у н а л д ы қ ш а р у а ш ы л ы қ
і с т е р і а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 9 н а у р ы з д а ғ ы
№ 92 бұйрығымен бекітілген

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың ТІЗБЕСІ

1. Осы тізбенің қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;
2. Жер учаскесін құрылысқа беру туралы аудандық (қалалық) жергілікті атқарушы органдардың шешімінің көшірмесі;
3. Жобалау-сметалық құжаттамаға сараптаманың оң қорытындысының көшірмесі (бір сатылы жобалау кезінде жұмыс жобасы бойынша не екі сатылы жобалау кезінде жоба бойынша);
4. Бас мердігердің құрылыс-монтаж жұмыстары түрлерінің тізбесі бар сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыруға құқығына мемлекеттік лицензиясының көшірмесі.

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесіне қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) Бас мемлекеттік құрылыс инспекторына

(тегі, аты, әкесінің аты)

Тапсырыс беруші (құрылыс салушы) _____

(жеке тұлға үшін тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы және телефоны, заңды тұлға үшін ұйымның атауы, мекен-жайы, телефоны)

ӨТІНІШ

_____ (объектінің атауы, мекен-жайы)

Объектісі бойынша жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама құрамында _____ айға (айларға) бекітілген құрылыстың нормативтік ұзақтық мерзіміне құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат беруді с ұ р а й м ы н .

Құрылыс 20_ жылғы «__» _____ басталды.

Пайдалануға беру мерзімі 20_ жылы «__» _____

М ы н а н ы х а б а р л а й м ы н :

көрсетілген объектінің құрылысына жер учаскесін беру туралы (меншік немесе жерді пайдалану құқығындағы учаскені құрылысқа пайдалануға рұқсат беру) 20__ «__» _____ № _____ шешім берілген; объектінің салуға жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын _____

_____ (жобалау ұйымның атауы, лицензия №, берілген күні, жобалаудың сатылығы) _____

_____ әзірледі.

Сонымен қатар, мынаны мәлімдеймін:

а) жұмыстар мердігерлік әдіспен _____

_____ (құрылысты жүзеге асыратын ұйымның атауы, мекен-жайы, телефоны, жобалаудың сатылығы)

20__ «__» _____ № _____ мердігерлік шарты негізінде жүргізіледі;

б) сараптамалық сүйемелдеу режимінде (егер құрылысты кезең-кезеңмен жүргізу қарастырылған болса) құрылыстың тиісті кезеңдеріне арналған 20__ «__» _____ № _____ шешім берілген;

в) тапсырыс берушінің атынан жауапты тұлға ретінде _____

_____ (оқу орнының атауы, бітірген жылы, мамандығы)

білімі бар _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

20__ «__» _____ № _____ бұйрықпен тағайындалған;

г) бас мердігердің атынан құрылыс үшін жауапты тұлға ретінде _____

_____ (оқу орнының атауы, бітірген жылы, мамандығы)

білімі және құрылыста _____ жыл еңбек өтілі, «Сейсмикаға төзімді құрылыс» (сейсмикалық аудандарда құрылыс жүргізілген жағдайда) курсы бойынша _____

(куәлік нөмірі, кіммен берілген және ұзартылған)

қолданыстағы куәлігі бар

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

20__ «__» _____ №__ бұйрықпен тағайындалған;

д) авторлық қадағалау жүргізу 20__ «__» _____ №__
шартқа сәйкес _____

(ұйымның атауы, лицензия №, берілген күні)

жүктеледі;

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

е) техникалық қадағалауды 20__ «__» _____ №__ бұйрықпен
тағайындалған _____

(оқу орнының атауы, бітірген жылы, мамандығы)

білімі және құрылыста _____ жыл еңбек өтілі бар _____

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

немесе 20__ «__» _____ №__ шартқа сәйкес _____

(ұйымның атауы, лицензия №, берілген күні)

жүзеге асырады.

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Осы өтініште келтірілген мәліметтерге байланысты барлық өзгерістер туралы
сәулет-құрылыс бақылау органдарына уақытылы хабарлауға міндеттенемін.

Тапсырыс беруші(құрылыс

Бас мердігер

с а л у ш ы)

(тегі, аты, әкесінің аты,

лауазымы, қолы)

М.О.

(тегі, аты, әкесінің аты,

лауазымы, қолы)

М.О.